

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агроөнеркәсіптік кешен мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2014 жылғы 10 маусымдағы № 82-ө өкімі

1. Қоса беріліп отырған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агроөнеркәсіптік кешен мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - **т і з б е**) **б е к і т і л с і н .**

2. Орталық мемлекеттік органдар:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

К.Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

1 0

м а у с ы м д а ғ ы

№ 8 2 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агроөнеркәсіптік кешен мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Р/с №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік органдар	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1.	Мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар желісінің мемлекеттік нормативін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2014 жылғы маусым
2.	Биологиялық қалдықтарды кәдеге жарату, жою тәртібін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2014 жылғы маусым

3.	Ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын мемлекеттік тіркеуді жүргізу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2014 жылғы маусым
4.	Малды өткізу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2014 жылғы маусым
5.	Малды карантиндеу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2014 жылғы маусым
6.	Дезинфекция, дезинсекция, дератизация жүргізу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2014 жылғы маусым
7.	Эпизоотиялық мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2014 жылғы маусым
8.	Малға дұрыс қарау қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2014 жылғы маусым
9.	Сараптама актісін (сынақ хаттамасын) беру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2014 жылғы маусым
10.	Шектеу іс-шараларын және карантинді белгілеу және алып тастау қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2014 жылғы маусым
11.	Ветеринариялық іс-шараларды өткізу кезінде мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2014 жылғы маусым
12.	Ауыл шаруашылығы өнімінің және оны қайта өңдеуден алынған өнімдердің табиғи азаю, кебу, кему, бұзылу нормаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2014 жылғы маусым
13.	Қайта өңдеуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете қайта өңдеу өндірісі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидаларын және Кепілдендірілген сатып алу бағасы мен сатып алу бағасы белгіленетін ауылшаруашылық өнімінің тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2014 жылғы маусым
14.	Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2014 жылғы маусым
15.	Инвестициялық салымдар кезіндегі агроөнеркәсіптік кешен субъектісі жұмсаған шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2014 жылғы маусым

16.	Кредит және технологиялық құрал-жабдықтар мен ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидасын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2014 жылғы маусым
17.	«Агроөнеркәсіп кешеніндегі үздік кәсіп иесі» конкурсын өткізу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2014 жылғы маусым
18.	Топырақты агрохимиялық зерттеп қарауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2014 жылғы маусым
19.	Агрохимикаттарды мемлекеттік тіркеуді жүргізу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2014 жылғы маусым
20.	Ауылдық елді мекендерге тартылатын агроөнеркәсіптік кешен мамандары лауазымдарының тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2014 жылғы маусым
21.	Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2014 жылғы маусым
22.	Ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлерін көрсету және олардың тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2014 жылғы маусым
23.	Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2014 жылғы маусым
24.	Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2014 жылғы маусым
25.	Жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көпжылдық көшеттерін	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	

	отырғызу және өсіру (оның ішінде қалпына келтіру) шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы			2014 жылғы маусым
26.	Шитті мақта мен мақта талшығының сапасын сараптау шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2014 жылғы маусым
27.	Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2014 жылғы маусым
28.	Өсімдіктердің жоғары бағалы сұрыптары мен ауыл шаруашылығы жануарларының, құстар мен балықтардың жоғары бағалы тұқымдарының гендік қорын сақтау мен дамытуды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2014 жылғы маусым
29.	«Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 4 сәуірдегі № 237 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2014 жылғы маусым
30.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2014 жылғы маусым
31.	Тұқым шаруашылығын дамыту бойынша субсидиялау қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2014 жылғы маусым
32.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 және «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы» 2014 жылғы 12 ақпандағы № 80 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ӨДМ	2014 жылғы маусым
	«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір			

33.	мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2014 жылғы маусым
34.	Мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктерді сынақтардан және байқаулардан өткізу әдістемесін бекіту туралы	бұйрық	АШМ	2014 жылғы маусым
35.	Мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктердің Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген мемлекеттік тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы	бұйрық	АШМ	2014 жылғы маусым
36.	«Экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымды өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану тәртібі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2012 жылғы 26 сәуірдегі № 18-02/212 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	бұйрық	АШМ	2014 жылғы маусым
37.	Ветеринария саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды есептік тіркеу қағидаларын бекіту туралы	бұйрық	АШМ	2014 жылғы маусым
38.	Малдың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шараларды жоспарлау және өткізу қағидаларын бекіту туралы	бұйрық	АШМ	2014 жылғы маусым
39.	Жаңа, жетілдірілген ветеринариялық препараттарға, жемшөп қоспаларына нормативтік-техникалық құжаттамаларды келісу қағидаларын бекіту туралы	бұйрық	АШМ	2014 жылғы маусым
40.	Ветеринариялық препарат пен жемшөп қоспаларын байқаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы	бұйрық	АШМ	2014 жылғы маусым
41.	Диагностикалық зерттеуді жүргізу қағидаларын бекіту туралы	бұйрық	АШМ	2014 жылғы маусым
42.	Ауыл шаруашылығына арналған жерлердің агрохимиялық жай- күйі туралы ақпараттық деректер банкін құру мен жүргізу қағидаларын бекіту туралы	бұйрық	АШМ	2014 жылғы маусым
43.	«Ауыл шаруашылығы жануарларының кепілін тіркеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 27 сәуірдегі № 3-3/222 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы	бұйрық	АШМ	2014 жылғы маусым

44.	«Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау объектілерінде ветеринариялық-санитариялық бақылауды жүзеге асыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2009 жылғы 28 қыркүйектегі № 554 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы	бұйрық	АШМ	2014 жылғы маусым
45.	«Азық-түлік қауіпсіздігінің жай-күйіне тиімді мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету үшін формаларды бекіту туралы » Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 14 маусымдағы № 394 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	бұйрық	АШМ	2014 жылғы маусым

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:
 АШМ – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылық министрлігі;
 ӨДМ – Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі.